

Бекітемін:

ТОО «Children Casian» «Рахат» жекеменшік  
балабақшасының менгерушісінің  
м.а. Нурмухамбетова Ж.Б.



**«Еркеназ» мектепалды даярлық тобының  
2023- 2024 оқу жылына арналған  
перспективалық жоспары**

Атамекен селосы 2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 – 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

мектепалды топ  
Қыркүйек айы 2023жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. “Қол кеуденің алдында” қалпынан қолды жанына қарай созу, “қолды желкеге қою” қалпынан қолды жоғары көтеру және жанына қарай созу; қол саусақтарын айкастыру “құлып”, алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру); қолды бір мезгілде жоғары-артқа және кезектесіп көтеру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап жүгіру бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып Бийіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу, гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу Заттардан аттап жүру, шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен жүру арқылы тепе-теңдік сақтау Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеуден бір және екі, үш қатармен қайта тұру</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шенбер бойымен және тура жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу;</p> <p><b>Спорттық ойын элементтері:</b> баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру;</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту</p> <p>адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру;</p>
	Жүзу Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – г, л – л, ж – ж, с – с, ж – ж, н – н, х – х дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету;</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b> ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару</p>
	Көркем әдебиет	оқу, әңгімелеу. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.

<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі:</b>  ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және сонын ойдан шығару  <b>оқу, әңгімелеу.</b> Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.  <b>мәнерлеп оқу.</b> Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу  <b>мазмұндау.</b> Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету;  <b>шығармашылық әңгімелеу.</b> Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен сонын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;  балаларды театр мәдениетіне баулу.  <b>Адамгершілік нормалары туралы түсінік.</b>  ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын;</p>
<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.  колды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.  Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Жиын.  Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.  Сан, санау.  Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету.  Шама.  Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету.  Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету  Сөйлеуде мына сөздерді қолдана білуді қалыптастыру: "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек",  Беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету  Геометриялық пішіндер.  Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру  Кеңістік ұғымдарын бекіту: заттың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);  Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету.  Салмақты өлшеу.  Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету.  Заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін "артық" затты бөліп алу, пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын орындау және т. б.</p>

<b>Құрастыру</b>	<p>болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау;          Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету.          Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы (тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр).          Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.          балаларды бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдері          Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атай алу және ажырату дағдыларын қалыптастыру;          табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p>Тугандар мен туыстар. Отбасылық мерекелер. Отбасының әлемі туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру;          заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.          көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру;          Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту.          Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы Қазақстан Республикасы әскері туралы түсініктерін кеңейту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Заттық сурет салу:          балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.          Сәндік сурет салу:          түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақшаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту.          Сюжеттік сурет салу:          бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Заттық мүсіндеу.          балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеу.          Сәндік мүсіндеу.          Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.          Сюжеттік мүсіндеу.          Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Заттық жапсыру.          екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды</p>

		<p>Сәндік жапсыру: түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету; Сюжеттік жапсыру Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау. Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту. Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Ойындар, хороводтар. қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру Билер. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
және Мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-  
әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Рахат» балабақшасы

Топ: «Еркеназ» мектепалды топ

Балалардың жасы: 5-6 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру:</i> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, колдың бастапқы калыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;  <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, аркан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру  <i>Жүгіру:</i> кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;  <i>Еңбектеу, ормелеу:</i> гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу;  <i>Секіру:</i> қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);  <i>Лақтыру, қағып алу, домалату:</i> допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;</p>

*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:*  
орнында айналу, оңға, солға бұрылу

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.

**Жалпы дамытушы жаттығулар.**

*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*

Қолды кеуде тұсына қою, екі жакка созу; қолды жоғары көтеру және екі жакка созу

*Кеудеге арналған жаттығулар:* Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.

*Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.* 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

*Иштің бүлшық еттеріне арналған жаттығулар:* екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалкасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);

*Арқаға арналған жаттығулар:* отырып алға, артқа еңкею (5-6 рет)

*Аяққа арналған жаттығулар:* аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

**Спорттық ойындар:**

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жакка бағыттай отырып қағып лақтыру;

Футбол. Берілген бағытка допты оң және сол аяқпен тебу. Доппен затты айналдыра жүргізу.

Допты какпаға тебу. Допты бірнеше рет кабырғаға тебу;

### **Қимылды ойындар.**

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

### **Дербес қимыл белсенділігі.**

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

### **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

### **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну дағдысын дамыту.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету



	<p>және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b>  Қарапайым сумен жасалатын шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.</p>
<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор.</b>  Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуіне мүмкіндік беру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  Әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b>  Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруды</p>

<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образдысөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p> <p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арканы дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p>

## Қазақ тілі

### **Тілдік дамытушы орта.**

Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.

Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде ынталандыру.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету (басы, ортасы, соңы).

### **Сөздік қор.**

Азық-түлік атауларын(бидай, құрт, сүзбе, шұбат, кымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпкебайланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору,) сөздермен толықтыруды жетілдіру.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы**

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

### **Байланыстырып сөйлеу.**

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.

<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Жиын.</b> Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруді</p> <p><b>Сан, санау.</b> Көрнекілік негізінде 7 санының пайда болуымен таныстыру. 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.</p> <p><b>Шама.</b> Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Қозғалыс бағыттарын түсінуін жетілдіру: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді дамытып, бекіту. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беруді, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес кимылдар мен қалыптар арқылы беруді (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Адамның бейнесін, жануарлардың кимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуді. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке</p>

	<p>белгілерін көрсете білуді, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді үйрету. Жұмысты ұқыпты орындауды, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиып алуды.</p> <p>Жапсырудың түрлі тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдануды, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыруды. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыруды дамыту.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдануды үйрету</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b></p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білуді.</p> <p>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білуге жетелу.</p>
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау.</b>

	<p>Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту</b>          Ән айту дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>          Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен;</p> <p><b>Билер</b>          Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуді меңгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b>          Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруды, мәтінге сәйкес әнді сахналауды; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b>          Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b>          Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.</p> <p><b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</b>          Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсінуін дамыту.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b>          Ұялы телефон, смартфон, компьютер, гамамтор, теледидардың қолданылуын білуді, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды меңгерту.</p>

**Еңбекке баулу.**

Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты карауды үйрету.

**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**

Өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.

Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысуға тарту.

**Жол қозғалысы ережелері.**

Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауды. Жол белгілері тротуар, велосипед, электросамокатқа арналған жолды білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту қағидаларын меңгерту.

**Табиғатпен таныстыру**

Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылауды, талдауды, салыстыруды, ажыратуды үйрету.

**Өсімдіктер әлемі.**

Нанға ұқыпты карауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатынадамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Жануарлар әлемі.**

Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атауды және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуын дамыту

**Қарапайым экологиялық ұғымдарды,**

адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуді үйрету.

**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері**

туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің

«дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.

**Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру.** Ережелер барлығына жақсы жағдай болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын түсіну дағдысын дамыту. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылауды жүргізу.

**Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу;** өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды түсіндіру (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).



## Қараша айы 2023 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру:</i> ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;  <i>Тене-теңдікті сақтау:</i> әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тактай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;  <i>Жүгіру:</i> жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;  <i>Еңбектеу, ормелеу:</i> бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту  <i>Секіру:</i> бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру  <i>Лақтыру, қағып алу, домалату:</i> 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру  <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</i> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>  Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <i>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:</i>  Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу</p>

*Кеудеге арналған жаттығулар:* Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею

*Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар:* 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

*Арқаға арналған жаттығулар:* отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет)

*Аяққа арналған жаттығулар:* аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);

### **Спорттық жаттығулар:**

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

### **Спорттық ойындар:**

Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

### **Қимылды ойындар.**

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

### **Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимылдағдыларын

жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**

таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.

**Сөйлеуді дамыту**

**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**

Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды

	<p>үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуді дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруын басқару</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, сахналық қойылымдарға қатысуға баулу</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құру.</p>